



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2018 жылғы 25 қазан

KAZ MINERALS ТОБЫ 2018 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДАҒЫ ІС-ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

KAZ Minerals Тобы 2018 жылдың 9 айында 216,8 мың тонна мыс¹ өндірді. Бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 12%-ға артық (193,3 мың тонна). Тоқсандық есепке сүйенсек, мыс өндірісі 7%-ға артып, 77,2 мың тоннаға жетті (2018 жылдың 2-тоқсаны: 72,3 мың тонна). Бұған барлық кәсіпорындардағы кен өңдеудің жоғары көлемдері септігін тигізді.

Есептік кезеңде 38,3 мың тонна концентраттағы мырыш өндірілді (2017 жылдың 9 айы: 45,8 мың тонна). Алтын² өндірісінің көлемі – 135 мың унция (2017 жылдың 9 айы: 137,8 мың унция), күміс² – 2,578 млн унция (2017 жылдың 9 айы: 2,708 млн унция).

Жалпы KAZ Minerals Тобы 2018 жылға жоспарланған 270-300 мың тонна мыс көлеміндегі аралыққа жету жолында келеді.

Бозшакөл

Павлодар облысындағы Бозшакөл кен байыту кешені 9 айда 75 мың тонна мыс² өндіріп, сульфидті және каолин балшығы бар кендерді байыту фабрикаларындағы (БФ) төртінші тоқсанға жоспарланған диірмендердің жоспарлы қызмет көрсету шараларына қарамастан, 2018 жылы 95-105 мың тонна мыс көлеміндегі жоспарлы аралыққа жету жолында келеді.

Үшінші тоқсанда мыс өндірісі 10% артып, 25,2 мың тоннаға (2018 жылдың 2-тоқсаны: 22,9 мың тонна) жетті. БФ өткізу мүмкіндігі жоғарылады, бірақ бөліп алу коэффициенті шамалы азайды. Сульфидті және каолин балшығы бар кендегі мыстың орташа үлесі – 0,46%. Бұл екінші тоқсандағы көрсеткішке сәйкес келеді. Жоспар бойынша төртінші тоқсанда кен өндіру мыстың үлесі азырақ учаскелерде жүргізіледі.

Үшінші тоқсанда 31,4 мың унция алтын өндірілді. Бұл БФ өткізу мүмкіндігінің жоғары болуының және кендегі орташа үлестің 0,25% болуының (2018 жылдың 2-тоқсаны: 0,23%) арқасында екінші тоқсанмен салыстырғанда (26,3 мың унция) 19%-ға артық. 9 айда 93,7 мың унция өндіру 115-125 мың унция аралығындағы жылдық жоспарлы көрсеткіштің жоғарғы шебіне жетуге мүмкін береді.

Тоғыз айдағы күмістің өндірісі - 494 мың унция. Осыған орай Бозшакөл 500 мың унция көлеміндегі жылдық жоспарлы көрсеткіштен асып түседі деп күтіліп отыр.

Бозшакөлде өндірілген концентраттағы көлемі аз молибден коммерциялық талдау үшін тапсырыс берушілерге жөнелтілді.

Ақтоғай

Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай кен байыту кешенінде 95,4 мың тонна мыс өндірілді. Осының арқасында 110-130 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралықтың жоғарғы шебіне жету күтіліп отыр.

Оксидті кендерді өңдейтін кешендегі катодты мыстың өндірісі тоғыз айда 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3%-ға артты (18,9 мың тонна). Үшінші тоқсанда катодты мыс өндірісі 7,4 мың тоннаға дейін артты (2018 жылдың 2-тоқсаны: 6,2 мың тонна). Бұған маусымдық жоғары

¹ Мұнда және одан әрі - концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Мұнда және одан әрі - концентраттағы ақысы төленетін металл

температура мен кешеннің жоғары өнімділігі әсер етті. Оксидті кешен жоспарлы 20-25 мың тонна катодты мыс көлеміндегі жоспарлы көрсеткіштердің жоғарғы шебіне жету жолында.

Үшінші тоқсанда сульфидті кеннен мыс өндіру көлемі 27,5 мың тоннаны құрады. Бұл екінші тоқсандағы көрсеткіштен 1%-ға төмен. Себебі, өңдеу мен бөліп алу көлемінің артуы кендегі мыс үлесінің 0,58%-ға дейін төмендеуімен қалыпқа келді (2018 жылдың 2-тоқсаны: 0,62%).

Оксидті кенді өңдеудің маусымдық төмендеуі, диірмендерге жоспарлы түрде қызмет көрсету және сульфидті кендегі мыс үлесінің шамалы төмендеуі салдарынан төртінші тоқсанда мыс өндірісі үшінші тоқсанмен салыстырғанда аз болады деп жоспарланып отыр.

Шығыс өңір мен Бозымшақ

Шығыс өңірдегі кәсіпорындар («Шығыстүстімет» ЖШС) мен Қырғызстандағы Бозымшақта 46,4 мың тонна мыс өндірілді. Жыл көлемінде бұл көрсеткіш шамамен 65 мың тоннаны құрайды деп жоспарланған.

975 мың тонна көлеміндегі өндірілген кен бұған дейінгі тоқсаннан (995 мың тонна) 2%-ға аз. Кенді өңдеу 22%-ға артып, 1,16 млн тоннаға жетті (2018 жылдың 2-тоқсаны: 952 мың тонна). Себебі, Артемьев шахтасының кен қорлары Николаев БФ-ның бірінші жарты жылдықтағы жоспарлы тоқтауынан кейін өңделді.

Үшінші тоқсанда кен өңдеу көлемінің артуы Орлов БФ өңделген кеннің құрамындағы мыстың орташа үлесінің 3,18%-ға (2018 жылдың 2-тоқсаны: 3,25%) және Николаев БФ өңделген кеннің құрамындағы мыстың орташа үлесінің 1,50%-ға дейін (2018 жылдың 2-тоқсаны: 1,67%) азаюының орнын шамалы толтырды. Нәтижесінде үшінші тоқсандағы мыс өндірісінің көлемі 17,1 мың тоннаға дейін артты (2018 жылдың 2-тоқсаны: 15,3 мың тонна).

Мырыштың өндірісі 25%-ға, яғни 13,4 мың тоннаға дейін артты (2018 жылдың 2-тоқсаны: 10,7 мың тонна). Бұған Николаев БФ-да өңделген кеннің құрамындағы мыс үлесінің қалпына келуінің, яғни, 0,50%-дан 1,38%-ға жетуінің арқасында қол жетті. 2018 жылдың тоғыз айында мырыштың өндірісі былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 16%-ға азайды (38,3 мың тонна). Бұған негізінен Артемьев шахтасындағы үлестің уақытша азаюы себеп болды. Сондықтан жылдық өндіріс көлемі жоспарлы 60 мың тоннадан 10-15%-ға аз болады деп күтіліп отыр.

Шығыстүстіметтің және Бозымшақтың үшінші тоқсандағы ортақ алтын өндірісі 13,8 мың унцияны құрады (2018 жылдың 2 тоқсаны: 13,6 мың унция). Шығыс өңірдің кен байыту фабрикаларындағы өңдеу көлемі мен бөліп алу коэффициентінің артуы кендегі металл үлесінің төмендеуінің орнын толтырды. Ал Бозымшақ кен байыту кешені жүктелген міндеттерді орындауды жалғастырып, 10 мың унция өндірді (2018 жылдың 2-тоқсаны 10,3 мың унция). 2018 жылдың тоғыз айындағы алтынның 41 мың унция көлеміндегі ортақ өндірісі жылдық 45-50 мың унция көлеміндегі жоспарлы аралықтан асуды күтуге негіз болып отыр.

Күмістің үшінші тоқсандағы өндірісі 27%-ға артып, 643 мың унцияны (2018 жылдың 2 тоқсаны: 508 мың унция) құрады. Жылдық болжам 2 млн унция екенін ескерсек, тоғыз айдағы 1,725 млн унция көлеміндегі өндіріс қарқыны айтарлықтай ілгерілеуді көрсетіп отыр.

Қаржылық ақпаратты жаңарту

2018 жылғы 30 қыркүйектегі мәлімет бойынша жоғары операциялық ақша ағымдарының шамалы түрде Ақтоғай жобасын кеңейтуге жұмсалған күрделі шығындарды қалыпқа келтіруінің арқасында Топтың таза берешегі \$1,986 млрд (2018 жылғы 30 шілде: \$2,052 млрд) құрады. Сонымен қатар, үшінші тоқсанда Топтың несие желілері бойынша \$99 млн және ПҚИС мен роялти бойынша \$49 млн төлемдер жасалды. 2018 жылдың 30 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша жалпы ақшалай қаражат пен оның эквиваленттерінің сомасы \$1,516 млрд, ал жалпы берешек \$3,502 млрд болды.

Баимская мыс жобасы

2018 жылғы 2 тамызда Топ Ресей Федерациясының Чукот автономды округінде орналасқан Баимская мыс жобасын сатып алу туралы келісім жасалғаны туралы хабарлады. Топ мәмілені аяқтауға қажетті шарттарды орындауды жалғастыруда.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «2018 жылы жаңа Ақтоғай мыс кенішіндегі өндіріс көлемінің артуы және мыстың жоғарғы үлесінің арқасында Топ артықшылыққа ие болды. KAZ Minerals 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда мысты 12%-ға көп өндірді. Үшінші тоқсанда компания кәсіпорындарындағы өндірістің тұрақты деңгейінің арқасында біз мыс өндірісінде жылдық межеге және алтын мен күміс бойынша жоспарлы аралықтың жоғары шебіне жетуге жағдай жасап отырмыз».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, ірі ауқымды, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – шамамен 28 жыл. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

2018 жылдың тамыз айында Топ реттеуші органдардың тиісті рұқсаттарын алса, РФ Чукот автономиялы округындағы Баимская мыс жобасын сатып алу жөніндегі келісім туралы хабарлады. Баимская лицензиялы аумағындағы Песчанка кен орынын игеру 2027 жылдан бастап пайдаланудың алғашқы он жылында жылына 250 мың тонна мыс өндіруді және 400 мың унция алтынды қамтамасыз етеді деп күтілуде. Пайдалану мерзімі – 25 жыл шамасында.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.